

МККК №39 «Достық» МДҰ Қамқорлық кеңесі
отырысының хаттамасы
№3

Ақтөбе қаласы.

«12 » «03» 2020 жыл

Қатысушылар:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы және мүшелері, 10 топ ата аналар комитетінің төрайымдары, әкімшілік кәсіподақ комитетінің төрайымы және №39 «Достық» МДҰ педагогтары.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. №39 «Достық» МДҰ тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау
№39 «Достық» МДҰ әдіскері: Г.Б Ұзақбай
2. №39 «Достық» МДҰ тәрбиеленушілерін мини-теннис жарыстарына қатысуын ұйымдастыру (транспортпен қамтамасыз ету)
№39 «Достық» МДҰ меңгерушісі: Уркимбаева А.Ж

Тыңдалды.

№39 «Достық» МДҰ меңгерушісі А.Ж Уркимбаева кезекті Қамқоршылық кеңесі отырысына қатысушылармен қаралатын мәселелерді таныстырды.

Бірінші сұрақ бойынша: Г.Б Ұзақбай- Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулықта балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауап береді. Тәрбиешілер баланың мінез-құлқы мен тәртібін режимнің барлық сәтінде байқап бақылап отыру қажет. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын балабақша ішінде және балабақша аумағында болған уақытта, ҚР министрлігінің «Балабақшада және аумағында бала өмірі мен денсаулығын қорғауды ұйымдастыру туралы» нұсқаулықпен барлық балабақша қызметкерлері таныстырылады және қатаң түрде талап етіледі. Шаруашылық меңгерушісі А.Т Жусупова- ойын аймақтарын қадағалап, аймақтағы қауіпті жабдықтарды жөндеп толықтырады. Мейірбике Г.О Тайшиева топтардағы тазалықты қадағалайды. Топтардың ішінде, серуен кезінде, кіріп-шығу жолдарында бала өмірі мен денсаулығын қорғауға тәрбиешілер тікелей жауапты. Денешынықтыру, музыка сабақтарында бала өмірі мен денсаулығына мамандар жауап береді.

Екінші сұрақ бойынша №39 «Достық» МДҰ меңгерушісі А.Ж Уркимбаева- Балаларды сауықтыру және денсаулықтарын нығайту мақсатында 2018 жылдан бастап 10 бағдарламасы бойынша шағын теннис «КГУ ОСДЮСШ» және «АОФ РОО» теннис федерациясымен бірігіп жұмыс істейді. Шағын теннис жаттықтырушысы Телгарин А.Б. Жаттықтырушы 10 топтар балаларды іріктеп тандап алып, байқауларға дайындайды. Балалар мини-теннис орталығының

ұйымдастырумен өткен ата аналармен бірлескен байқауларда жүлделі орындармен марапатталып жүр

Қажеттілігіне қарай конкурстар, жарыстар ұйымдастыруға, экскурсияға шығу үшін автобуспен қамтамасыз етуге қамқоршылық кеңесі көмек көрсетті.

Шығып сөйлеушілер: Зайнетдинова Марина - Ата аналар мен балалар осындай балалабақшада ұйымдастырылған жарыстарға ,экологиялық акцияларға тағы сол сияқты іс-шараларға қатысу маңызды орын атқарады,өйткені бұл отбасы мүшелерінің бөлінуіне сонымен қатар отбасылық құндылықтардың дамуна әсер етеді.

Ата-аналар комитетінің төрайымы Ильясова Гүлжамал -балаларымыздың өмір қауіпсіздігіне баса назар аударуымыз қажет. Оларға балабақшада, үйде, көшеде, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін түсіндіріп айтып отыруымыз керек. Қамқоршылық кеңес мүшелері күн тәртібнің барлық сұрақтарын талқылай отырып

ШЕШІМ:

1. Балабақшада тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігін сақтау шаралары қарастырылсын.
2. Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру және денсаулықтарын нығайту мақсатында денешынықтыру шараларын ұйымдастыру жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Вишняк В.С

Ұзақбай Г.Б